

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасындағы Өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 желтоқсан N 1881

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 17 маусымда Бухарест қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметінің арасындағы Өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы конвенция бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі
арасындағы өсімдіктер карантині саласындағы
ынтымақтастық туралы
КОНВЕНЦИЯ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 1, 9-құжат)
(2000 жылғы 25 қаңтарда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 94 бет)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Румыния Үкіметі екі елдің аумағына карантиндік зиянкестерді, өсімдіктердің ауруын және арамшөптердің әкелінуі мен таралуын болдырмау мақсатында, карантинге алынған материалдарды айырбастау мен сауда барысында тиімді бақылаудың қажеттігінен және өсімдіктер карантині саласында ынтымақтастыққа ұмтыла отырып төмендегі жөнінде келісті:

1-бап

Осы Конвенцияда пайдаланылатын негізгі терминдер:

өсімдіктер - тірі өсімдіктер және олардың бөлшектері, оның ішінде тұқымдық материал қоса;

өсімдіктер өнімі - карантиндік организмдерді жұқтырушы болуы мүмкін

өсімдік тектес өнімдер және қайта өңделген өнімдер;

объект - карантиндік организмдерді жұқтырушы болуы мүмкін өсімдік тектес емес басқа материалдар;

фитосанитариялық бақылау - өсімдіктерде, өсімдіктер өнімдерінде және көлік құралдарында карантиндік организмдердің барын немесе жоғын тексеретін іс-қимыл;

карантиндік организмдер - мемлекеттердің ұлттық экономикаларына потенциалды қауіп түсіретін зиянды организмдер.

2-бап

Конвенциямен белгіленген ынтымақтастық әр Тараптардың мемлекеттерінде күші бар нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалады.

3-бап

Осы Конвенцияның орындалуына Тараптардың үйлестіруші және жауапты құзырлы органдары мыналар болып табылады:

- Қазақстан тарабынан: Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- Румыния тарабынан: Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі.

4-бап

Тараптар бір Тараптың аумағынан басқа Тараптың аумағына карантиндік организмдердің әкелуін болдырмау үшін барлық қажетті шараларды жасауға міндеттенеді.

Карантиндік организмдердің 1 және 2-қосымшаларындағы (Қазақстан Республикасының карантиндік организмдерінің тізімі) және 3 және 4-қосымшаларындағы (Румыния карантиндік организмдерінің тізімі) көрсетілген тізімдер осы Конвенцияның құрама бөлімі болып табылады.

Тараптардың құзырлы органдары карантиндік организмдер тізімін толықтырып, өзгерте алады. Тараптардың құзырлы органдары өзгерістер мен толықтырулар туралы өзара дипломатиялық жолмен хабарланады.

5-бап

Тараптардың құзырлы органдары карантиндік өнімдерді тасымалдағанда және

сақтағанда ауыл және орман шаруашылығына қауіп болуы мүмкін карантиндік организмдердің барын немесе жоғын анықтау мақсатында зерттеу жүргізеді.

6-бап

Карантиндік организмдерді бір Тараптың аумағына енгізбеу және таратпау мақсатында өсімдіктерді және өсімдіктер өнімдерін экспорт жасағанда оларға импорт жасаушы елдің құзырлы органдары берген осы Конвенцияның N 5 қосымшасындағы нысан бойынша фитосанитариялық сертификаты болу керек. Фитосанитариялық сертификат көлік құралдары, өсімдіктер немесе өсімдіктердің өнімдері қолданылып жүрген әдістеме мен ереже бойынша зерттелген және карантиндік организмдерден бос, импорт жасаушы елдің фитосанитариялық ережесіне сәйкес екенін куәландырады.

Өсімдіктер өнімін реэкспорт жасағанда сертификатта оның алғашқы шыққан елі көрсетіледі. Карантиндік өнімді тасымалдауға пайдаланылатын құралдар басқа Тараптың аумағында фитосанитариялық бақылауға жатады. Олар ұқыпты тазартылып, қажетті жағдайда залалсыздандырылуы керек.

7-бап

Әр Тараптардың ережелеріне және нұсқауларына сәйкес өсімдіктер,

өсімдіктер өнімі, буып-түю материалдары, тасымалдау құралдары фитосанитариялық бақылауға жатады. Құзырлы органдардың өсімдіктер өнімін тексерудегі, фитосанитариялық сертификаттар мен карантиндік рұқсаттама беру шығындарын Тараптардың тарифы бойынша жүк иелері төлейді.

8-бап

Фитосанитариялық сертификаттың бар болуы импорт жасаушы елде фитосанитариялық зерттеу және тиісті шаралар қолданылудың мүмкіндігін жоққа шығармайды (енгізуді тоқтату, залалсыздандыру, жою және т.б.)

9-бап

Карантиндік организмдер табылған немесе фитосанитариялық талаптарды бұзған фактілер болған жағдайда экспорт жасаушы елдің құзырлы органы осы жөнінде импорт жасаушы елдің құзырлы органына жедел хабарлауы тиіс.

10-бап

Тараптар карантиндік және өте қауіпті организмдерді болдырмау мақсатында:

- өсімдіктерді және өсімдіктер өнімін импорт жасау бойынша шектеу немесе қосымша шарт енгізуге;

- өсімдіктерді және өсімдіктер өнімін импорт жасауға тыйым салуға құқылы.

11-бап

Тараптар топырақты (шым тезекті қоспағанда), топырағымен тамырланған тірі өсімдіктерді импорт жасауға, шөпті, сабанды, ағаштың ұнтағын буып-түю материалдары үшін пайдалануға тыйым салады.

12-бап

Осы Конвенцияның шарттары Тараптардың дипломатиялық өкілдіктеріне арналған өсімдіктерге және өсімдіктердің өнімдеріне таралады.

13-бап

Тараптар өсімдіктерді және өсімдіктер өнімдерін импорт, экспорт және транзит жасау үшін өз аумақтарында шекаралық пункттерді (автомобиль, теміржол, теңіз және әуе жай) анықтайды.

14-бап

Тараптар өсімдіктер карантині саласында ынтымақтастықтың қажеттілігін және әдістер мен құралдарды унификациялаудың мүмкіндігін білдіре отырып, осындай ынтымақтастыққа егіндердің және ормандардың фитосанитариялық жағдайы туралы мәлімет, өсімдіктер карантині бойынша заңдылық актілерімен, ғылыми біліммен және тәжірибемен алмасу жолымен ықпал етеді.

15-бап

Тараптар бірін-бірі карантиндік организмдердің пайда болуы немесе таралуы туралы хабарлама жасайды және де, Тараптардың бірде-біреуі алған хабарламаны үшінші тарапқа бере алмайды.

16-бап

Тараптар қажет болған жағдайда осы Конвенцияға байланысты мәселелерді шешу үшін бірлескен кездесулерді ұйымдастырады. Кездесулер өткізуге байланысты шығыстарды әрбір Тараптар дербес түрде көтереді.

17-бап

Тараптар сауданы дамыту мақсатында, экспорт жасаушы елдің аумағында

өсімдіктер өнімдері енгізілетін мемлекеттің карантиндік ережелерін қолдана отырып, фитосанитариялық бақылау жүргізу туралы мәселелерді шешеді.

Бақылау жүргізудің орны және уақыты Тараптармен алдын ала ескеріледі.

18-бап

Осы Конвенцияны түсіндіру немесе орындау бойынша пікір алшақтығы туған жағдайда Тараптар оларды тікелей келіссөздер арқылы, кеңесіп шешеді. Егерде олардың қорытындысы бойынша Тараптар келісімге келмесе, даулы мәселелердің шешілуі дипломатиялық жолдармен жүргізіледі.

19-бап

Осы Конвенцияның ережелері Тараптардың басқа да екіжақты немесе көпжақты халықаралық келісімдерінен туындайтын міндеттерін қозғамайды.

20-бап

Осы Конвенция 5 жыл мерзімге жасалған және оның күші келесі 5 жылға автоматты түрде созылады, егер де Тараптардың қайсыбірі Конвенцияны бұзу туралы өзінің ниетін жазбаша түрде кезекті бес жылдың мерзімінің аяқталуына дейін 6 ай бұрын хабарламаса.

21-бап

Осы Конвенция 5 жыл мерзімге жасалған және оның күші келесі 5 жылға автоматты түрде созылады, егер де Тараптардың қайсыбірі Конвенцияны бұзу туралы өзінің ниетін жазбаша түрде кезекті бес жылдың мерзімінің аяқталуына дейін 6 ай бұрын хабарламаса.

Бухарест қаласында, 1999 жылғы 17 маусымда екі түпнұсқадағы данада, әрқайсысы қазақ, румын және орыс тілдерінде жасалды және де барлық түпнұсқадағы даналар бірдей күшке ие.

Осы Конвенцияның ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК